«Ақмола облысы білім басқармасының «Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі Бастау ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

# ЕСЕП

## Еріктілер жасағының атқарған жұмыстары туралы

## бірінші жарты жылдық есебі

## 2022-2023 оқу жылы

Дайындаған: Тәлімгер Байболат М

**Бастау ауылының №2 ЖОББМ Өзін-өзі басқару отырысы**

Бастау ауылының №2 ЖОББМ-де 6-11 сынып оқушылары арасында өзін-өзі басқару отырысы өтті. Өзін-өзі басқару ұйымының негізгі мақсаты «Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы оқушыларына мектепті басқаруға қатысу құқықтарын жүзеге асыру, жарқын ұйымдастырушылық қасиеттері бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, өз бетімен шешім қабылдай алатын, жауапты және тәртіпті , дербес таңдау жасауға дайын, белсенді өмірлік ұстанымы қалыптасқан қабілетті көшбасшы тәрбиелеу болып табылады.

Ұйымдастырылатын шаралардың негізгі бағыттары спорт, әлеуметтік жұмыс, мәдени жауапкершілікті арттыруға, тұтынушылық қатынас жоюға негізделген. Ұйым құрамындағы әрбір оқушы өз бағытының үздігі. Жұмыс жасау барысында біз оқушылардың мүдделерін қорғап, ойларын ескереміз. Мектеп өмірінің қызықты, әрі әсерлі өтуі өзін-өзі басқару ұйымының белсенді жұмыс жасауына тікелей байланыста. Бұл бағытта аянбай еңбектеніп, үнемі жаңашылдыққа ұмтыламыз деп уәде береміз!








Мектеп тәлімгерлері әрбір қоңырауда әсіресе үлкен екі қоңырауда «Жас Қыран» жасөспірімдерді ойнатып, музыка тыңдатып , билетіп көңілдерін көтереді. «Жас Ұлан» «Жас Қыран» жасөспірімдер белсенділікпен бір-бірін тыңдап отырады.

**Бастау ауылының №2 ЖОББМ Таңғы жаттығуы**

Бастау ауылының №2 ЖОББМ-де мектеп оқушылары сабақ басталмас бұрын 8-20 дан 8-25 аралығында «Жас Ұландықтар» оқушыларға арналған таңертеңгілік жаттығу, жасалып отырады. Мұндағы мақсат: оқушылардың дене қимылын қалыптастыру Таңертеңгі жаттығу мен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоцианалдық өрлеу басталады, еңбек қабілеттілігі артады, балаларды тәртіптендіреді. Сөйтіп тәнертеңгі жаттығу жасау алдында мүлде ерекше міндеттер қойылмайды, атап айтқанда: бала организмдерін «ояту», оны әрекетшіл қалыпқа келтіру, жан-жактылыққа,бұлшық ет жүйесіне жайлап ықпал ететіндей, организмнің жүрек, тынысы жәнебасқа функцияларының қызыметін белсендіру, ішкі органдар мен сезім органдарының жұмысын стимулдау , тұлғаның дұрыс, жүрістің жақсы қалыптасуына ықпал ету, табанның қисайып кетпеуін болдырмау. Егер балалар күн сайын таңертең дене жаттығуын жасауға дағдыланса және мүдделі болса, ертеңгілік жаттығу сонымен құнды. Осындай пайдалы әдет адамды өмір бойында сақтайды.





Тәлімгер Азимхан Бақытгүл «Жас Ұлан» жасөспірім мектеп белсенділерін , мектеп ішіндегі мұражайға апарып экскурсия жасады. Онда «Жас Ұлан» жасөспірімдер ойларымен бөлісе отырып қызықты тарихи мәліметтерді сұрап, ауылымыздың байлығы мал шаруашылығының қарқын дамығаны жайлы мақтана айта алдық. Басқада көптеген тарихи заттарға тоқталып, әрбіріне әртүрлі сұрақтар қойылып , пікір таластар туындады.






Мектеп Ұланбасы Айматова Әлия «Жас Ұлан» яғни мектеп парламеттерімен отырыс жасады . Ондағы мақсат Алдағы әртүрлі іс-шараларға белсенділікпен қатыса отырып «Жас Қырандарға» көмектесе отырып кез келген қоғамдық жұмыстарға белсенділікпен ат салысу керек екенін айтты. Қоңырау уқытында төменгі сынып оқушыларын қарап уақыттарын бос өткізбеуге кеңес берді.





**«Бақытты ана- бақытты бала –бақытты отбасы-бақытты ел»**

Бастау ауылының №2 ЖОББМ-де «Бақытты ана- бақытты бала –бақытты отбасы-бақытты ел» тақырыбында тәрбие ісінің меңгерушісі Азимхан Б тәлімгер Байболат М сайыс өткізді. Ондағы мақсат: ата-аналар мен балалардың өнерге деген қызығушылығын арттыру және біріккен шығармашылық жұмысын қалыптастыру жас ұрпақты өнерге баулу ата-аналардың өзара қарым-қатынасын жақсарту, сөйлеу мәнерінің тәрбиесін жетілдіре түсу және тапқырлық өнерпаздық, ойшылдық

қабілеттерін ашу, эстетикалық талғамын дамыту. Сайыс өте қызықты өтті. Онда «Жалындар», «Бірліктер», «Жүйріктер» болып үш топтан тұрды. Отбасылар өте белсенді болды. Жалпы мектебімізде отбасы клубы жұмыс жасайды. Онда ата-аналармен тікелей жұмыстар жасап яғни мектептің ішіндегі іс-шараларға қатысып отырады.




«Бала құқығы-адам құқығы»

10-20 қараша аралығында «Бала құқығы-адам құқығы» онкүндігін өткізу бойынша іс-шаралар жоспарына сай, «Адам құқығы бала құқығын қорғаудан басталады» дейді. Иә, шынында, бала дүниеге келген сәттен-ақ өзінің құқығына ие болады. Себебі «Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы- адам, оның өмірі, құқығы мен бостандығы» деп Қазақстан Республикасының Конституциясының бірінші бабында айтылған. Мемлекеттік биліктің бастауы-халық. Яғни адам өзінің ойын, пікірін еркін айтуға да құқылы. Мектебіміздің «Жас Қыран» 3-4 сынып оқушылары «Әр баланың құқығы бар» тақырыбында суреттер салса, «Жас Ұлан»

7- 11 сынып оқушылары "Менің құқығым" тақырыбында эссе жазды. «Балалық шақты бірге қорғайық» тақырыбында «Жас Ұлан» 8-9 сынып оқушыларына дәріс оқыды.






**«Қауіпсіз доңғалақ»**

16 қараша күні Бастау ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебінде «Қауіпсіз доңғалақ» жол жүру ережелері бойынша жалпы мектепішілік ашық іс-шара өткізілді. Сайыстың кезеңдері: өздерін таныстыру эмблемма (Бағдаршам) машина, самокат, жол қозғалысы ережелері бойынша тапсырмалар орындалды.

**«Қауіпсіз дөңгелек»**

16 қараша күні Бастау ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебінде «Жас Ұлан» « Жас Қыран» жасөспірімдер «Қауіпсіз дөңгелек» жол жүру ережелері бойынша жалпы мектепішілік ашық іс-шара өткізілді. Сайыстың кезеңдері:

1. өздерін таныстыру
2. эмблема (бағдаршам,машина, самокат)
3. жол қозғалысы ережелері
   іс-шарада барлық тапсырмалар орындалды.




ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ

Мектебімізде «жас Ұлан» 8-11 сынып оқушылар арасында ауыл учаскелік инспекторы Қадырбек Нұрболат оқушылар арасындағы құқық бұзушылық алдын алу туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сыныптар арасында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.



## «Ұланбасы-2022»

19 қыркүйек күні мектепте «Ұланбасы-2022» сайлауы өтті. Онда 8 сынып оқушысы Нұрболат Мақпал,9 сынып оқушылары Айматова Аружан, Хиваттдолда Жансаяға 2-11 сынып оқушылары дауыс берді. Әрбір оқушы өз дауыстарын берді. Сайлау соңында бюллетеньдер салынған жәшік дауыстарды санау үшін Ағылшын пәнінің мұғалімдері байболат Мейрам мен Ерболат Токтал болды. Нәтижесінде берілген дауыстарды есептеу бойынша Айматова Аружан 80% дауыспен Бастау аулының № [illegible] ЖОББМ-нің [illegible] Айматова Аружан [illegible] барлық [illegible] іс-шараларына белсене араласып, [illegible] «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымына жауаптана қарап, барлық қоғамдық іс-шараларға, белсенді қатыстыру және оларды Кез келген жарыстарға, сайыстарға, би , ән т.б. көптеген мерекелерге қатыстыруға белсенділік танұту. Аружан саған көптеген үміт артамыз. Ісіңе сәттілік, жұмысың алға жүре берсін. Сені Құттықтаймыз!
















«Жас Ұлан » және «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымына 3,4,5 сынып оқушыларын қабылдауға арналған салтанатты шара өтті. Мектеп әкімшілігі Харахыз Бмен Бекей А балаларға салтанатты түрде төсбелгі мен галстук табыстап, мектептің қоғамдық өміріне белсене араласуына тілектестігін білдірді. Әрқашан өз елінің патриоты болып жүре беріңдер.






Мектеп «Жас Ұлан» парламенттері Жаңа жылға құттықтау тілектерін айтып, 28 күні сағат 12:00де, 1-4 сыныптар, 29 күні 15:00 5-7 сыныптар, сағат 18:00 8-11

сыныптар арасында Жаңажыл өтті . Жаңа жыл кешін Тәлімгер Байболат Мейрам жүргізді . Жаңажыл өте көңілді , әртүрлі ойын түрінде өткізілді. Жаңа жылымызға табыс, берекелі-мерекелі мол жыл болсын деп тілек білдіреміз.














Мектеп директорының м.а. Харахыз Б